5. Энергоқосылыстың қуат балансы деп номиналды жиілік кезіндегі тұтынылатын қуат пен генерацияланатын қуаттың тепе-теңдігін айтады. Энергожүйенің немесе реттеу аумағының қуат балансы деп номиналды жиілік кезіндегі сыртқы асқынның қосындысы бар тұтынылатын қуаттың қосындысы мен генерацияланатын қуаттың тепе-теңдігін айтады.

5. Электр станциясының бірініш ретті реттеуі дегеніміз, жиілікті өзгертуге және бұл өзгерісті бағытты түрде төмендетуге негізделген, бірінші ретті реттеу жүйесі әсерімен электр станциясының қуатын өзгерту процессі.

6. Тұтынушылардың жүктемесін реттеу-жиілік бойынша тиімді реттеу нәтижесіндегі жиілікті өзгерту кезіндегі тұтынушылардың жүктемесінің қуатын өзгерту процессі.

7. Жиілікті бірінші ретті реттеу (бірінші ретті реттеу)- электр станциясының бірінші ретті реттеуі мен тұтынушылардың жүктемесін бірге реттеу процессі.

8. Жиілікті нөмірленген бірінші реттік реттеу (ЖНБРР) деп, бірінші реттік реттеудің кепілді сапасын қамтамасыз ету және электр станциялармен (энергоблоктармен) нөмірленген бірінші реттік реттеумен бөліп алған энергоқосылыстардың сенімділігін жоғарлату мақсатындағы, реттеудің бірінші реттік бөлігін айтады, оларға резервті бірінші реттік реттеуді үнемі жоспарлап қойған және олардың ЖНБРР үшін берілген бірінші реттік реттеу сипаттамаларына (параметрлеріне) сәйкес тиімді қолданылуы қамтамасыз етілген. Синхронды аумақтағы бірінші реттік реттеудің кепілденген сенімділігі АЭС және ГРЭС энергоблоктары үшін өтіп жатқан мезеттегі жиілікті қауіпсіз мәнде ұстап тұруын қамтамасыз ету қажет, сонымен қоса тұтынушыларды есеп жүзіндегі қуаттың небаланс авариялық пайда болуы кезіндегі жиілікті белгілі бір шекте (динамикада 50±0.8 Гц және квазистакида 50±0.2 Гц) ұстап тұру керек.

3.1.1 Жиілікті және асқындауды реттеу ұйымы

Электрэнергиясының жоғарғы сапасын, энергоқосылыстың паралелль жұмысының сенімділігін, сонымен қоса мемлекеттердің энергожүйелерінің арасындағы белгіленген сыртқы асқындаудың қосындысын (қуат ауысымдылығын) қалыпты ұстауды қамтамасыз ету үшін әр энергожүйе жиілік пен асқындау бойынша реттеу режимдеріне қатысу қажет.

Жиілікті және асқындауды реттеу бірінші ретті (жалпы және нөмірленген), екінші ретті және үшінші ретті, сонымен қоса елдердің оперативті-диспетчерлік ұйымдық біріккен жүйесінің әсері арқылы жүзеге асырылу қажет.

Жиілікті және асқындауды реттеу бөлігінде оперативті-диспетчерлік басқару іске асырылатын елдердің ұйымдарының координациясының қызметтері үшін келесідей функциялар орындалады:

• мемлекеттердің энергоқосылыстарның екінші ретті реттеуінің барлық ұйымына жауапты параллель жұмыс істейтін қатысушы елдерді анықтайды;

• энергоқосылыстардың транзиттік желілерінің қималарын анықтайды;

• энергоқосылыстағы қуаттың небалансының есептік авариялық көлемін анықтайды және т.б.

Оперативтік-диспечерлік басқаруды іске асыратын ұйым өзінің энергожүйелерінде бірінші ретті, екінші ретті және үшінші ретті реттеулерді қамтамасыз ету керек, сонымен қоса:

• реттелетін қуаттың қажетті резервтерін орнату;

• энергожүйені өтіп жатқан режим бойынша автоматты (оперативті) екінші ретті реттеу жолы боынша, сонымен қоса оперативті түрде қажетті көлемді ұстауды және бірінші ретті мен екінші ретті реттеуді іске асырады;

• реттеудің әрбір түріне жөндеудің техникалық қажеттілігін, сонымен қоса электр энергетикасының объектілеріне бірінші ретті, екінші ретті және үшінші ретті реттудің мониторингктік қатысуын, бірінші ретті, екінші ретті және үшінші ретті реттуге қатысатын электр энергетика объектілері үшін реттеудің сапасы мен оның қажеттілікке сәйкес екенін қамтамасыз етеді;

• энерго жүйелер (аудандар) мен қуат пен жиілікті реттеу аумағында «Мемлекеттер арасындағы энерго жүйелердің жиілігі мен активті қуатының асқындалуын реттеуі бойынша мониторинге қатысуы әдістемесіне» сәйкес мониторинге қатысуын қамтамасыз етеді.

Жиілік пен қуат асқындауын реттеуге қойылатын талаптерға келетін болсақ ол: уақыттың 95%-да жиіліктің мәні 50±0.2Гц шегінде болу қажет, және шектік рұқсат етілген 50±0.4Гц аралығында болу қажет.

Қалыпты жағдайда жиілікті қалыпты бірінші реттік реттеу кезіндегі артық іске қосуды болдырмау үшін ағымдағы жиіліктің мәнін реттеудің сызықтық, яғни 50±0.2Гц шегінде ұстап тұру мақсатында, орташа жиілікті тәуліктің кез келген 0.5 сағат ішінде 50±0.01Гц шегінде ұстап тұру қажет.

Жиілікті қалыпты бірінші реттік реттеумен сәйкес, жиілік пен қуаттың берілген сыртқы асқындалу қосындысының кем дегенде 15минут ішіндегі реттеуді қалпына келтірумен бірге, ағымдағы жиілікті 50±0.05Гц (қалыпты дәреже) және 50±0.2Гц (рұқсат етілген) шегінде ұстап тұру үшін қалыпты

жағдайдағы транзиттік тораптардың жоспарланған өткізгіштікпен бірге жиіліктің ауытқуын екінші реттік реттеу режимі бойынша қамтамасыз ету қажет.

Қалыпты бірінші реттік реттеу үшін бөлініп алынған энергоблоктардағы жиіліктің бірінші ретті реттеуінің сезімталдылығы жоқ аумағы ±10мГц аспау қажет. Жиіліктің бірінші реттік реттеуінде қолданылатын жиілікті жергілікті өлшеудің нақтылығы ±10мГц нашар болмау керек, бұл өлшеулердің циклы 0.1-1секунд диапазоны аралығында болу қажет.

Жиілікті жергілікті өлшеудің нақтылығы мен сезімталдылығы жоқ бірінші реттік реттеуге қатысты бірінші реттік реттеудің өлі (жансыз) аймағы ±20мГц аспау керек. Энергоблоктағы қуатты реттеу жүйесінің статизімі, жиіліктің ±0.2Гц ауытқуы кезінде, бірінші реттік реттеудің барлық берілген резервісімен қамтамасыз ету керек.

Екінші реттік реттеуді іске асыру шарттары: жиіліктік коррекциялы берілген екінші реттік реттеудің сыртқы асқындалуының қосындысы тораптық сипаттамалар критерилері бойынша орындалуы керек, бұл кезде реттелетін параметр ауданның қателігі (әдетте нөлге тең деп алынады) болып табылады, ол энергожүйенің қуатының небалансын тіркеуіне тең, G реттеу аумағы мен есептелуі келесідей анықталады:

$$G = \Delta P + K_{ч} \cdot \Delta f, \text{МВт} \qquad (86)$$

мұндағы $\Delta P = P_{пл} - P$ –P қуаттың асқындалуының сыртқы қосындысының нақты мәнінің $P_{пл}$ балқымалы мәнінен ауытқуы, асқындалудың реттуінің қателігі, МВт;

$\Delta = f - f_3$- f жиіліктің нақты мәнінің f_3 берілген мінінен ауытқуы (синхронды уақыт кезінде коррекция периоды 50±0.01Гц пен 50.0Гц-та қалыпты);

$K_{ч}$-жиіліктік коррекцияның берілген коэффициенті, МВт/Гц;

$K_{ч} \cdot \Delta f$-ағымдағы жиіліктік коррекция (жиілікті реттеудің қателігі), МВт.

3.2 Жиілікті және қуатты реттеудің автоматты ерекшеліетері

Гидравликалық немесе жылулық турбинаның айналу жиілігі синхронды генератордың синусоидалы кернеуінің жиілігін, өзі шығаратын электр энергиясының маңызды көрсеткіші ретінде, анықтайды. Жиілік жоғарғы тұрақтылықта болу керек: жиіліктің $f_{ном}$=50Гц өндірістік мәні Δf номиналды мәннен рұқсат етілген Δf=±0,1Гц шектен аспау керек. Теңестіру шартында көрсетілген рұқсат етілген шекте жиілікті ұстап тұру, активті қуаттың электр энерегетикалық жүйесіндегі кез келкен уақытта генерацияланатын және үздіксіз немесе кездейсоқ өзгеретін қажетті жүктемені, турбинаның айналу жиілігін астатикалық автоматты реттеу арқылы жүзеге асырылады.

Синхронды генератордың активті қуатын автоматты реттеудің басты мақсаты- шартты отынның ең аз меншікті шығыны кезіндегі электр энергиясының өндірілуін және таратуын камтамасыз ету. Ол толығымен синхронды генераторлар мен электр станцияларының жұмыс режимдері активті

қуат бойынша, ең алдымен- параллель жұмыс істейтін электр станциялар мен генераторлардың көрсеткіштерінің арасындағы активті жүктеменің таралуының, оңтайландырумен шешіледі. Алайда астатикалық реттеу активті қуатты бұндай реттеумен қамтамасыз ете алмайды. Статикалық автоматты реттеу таратудың құрамына ие, бірақ олар тұрақты айналу жиілігін ұстап тұра алмайды.

Жиіліктің айналуы мен активті қуаттың автоматты реттеуінің қажеттіліктеріне қайшылықтар болуына байланысты айналу жиілігін реттеу үшін гидрогенераторларда астатикалық, ал турбогенераторларда- статикалық автоматты реттеуіштері қойылады.

Қозғалмалы гидрогенераторлар жүктеме графигінің кездейсоқ өзгеретін бөлігін жабады, ал инерциялық турбогенераторлар-оның болжанатын базалық бөлігін.

Жиілікті реттелетін гидрогенераторларда гидротурбиналардың айналу жиілігін реттеу үшін электрогидравликалық автоматты реттуіштер қойылады, ол ПИ- немесе ПИД-алгоритімі бойынша функцияланады және өндірістік токтың жиілігін астатикалық автоматты реттеумен қамтамасыз етеді.

Жылулық турбиналар АЖАР (АРЧВ) бар гидродинамикалы болып өндіріледі, ол П-алгаритімі бойынша функцияланатын статикалық реттеуіш болып табылады.

Қалыпты жұмыс кезіндегі параллель жұмыс істейтін турбогенераторлардың арасында электростанцияның активті жүктемесін оңтайлы басқаруы, активті қуатты жеке астатикалық автоматты реттеу арқылы іске асырылады, берілген элементтерге - АЖАР (АРЧВ) ұстамасын өзгертетін элементтерге- импульстік уақыт әсері айналу жиілігін реттеудің статикалық сипаттамасына қолданылады және турбогенераторлардың жүктемесін өзгертеді.

ЖЭС және ГЭС жұмыс режимдерінің қазіргі заманға сай оңтайландыру құрылғылары, автоматтандырылған басқару жүйесінің технологиялық процесстері арқылы, жүйе астындағы бағдарламамен тиімді тарату бойынша қамтамасыздандырылады (АСУ ТП).

ЭГР-МП типті активті қуатты және жиілікті реттейтін автоматты электрогидравликалы микропроцессорлы реттеуіштер құрастырылды, олар гидравликалық та, сонымен қоса жылулық турбиналар үшін арналған және ГЭС энергоблоктарының екі еселенген гидротурбиналарын реттеу үшін.

3.2.1 Активті қуаттың және жиіліктің автоматты микропроцессорлық реттеуіштері

ЭГР-МП типті активті қуатты және жиілікті реттейтін электрогидравликалы микропроцессорлық реттеуіші АОҚ «Пром Автоматикада» (Санкт-Петербург қаласы) гидро- және турбогенераторлар үшін шығарылады. Гидрогенератордың реттеуіші ПИД-алгоритімі бойынша функцияланады және реттеудің астатикалық (горизонталь) сипаттамасын қамтамасыз етеді- генератордың қалыпты жүктелген кездегі $\omega=f(P)$ активті қуаттан жиіліктің тәуелділігі. ГЭС активті жүктемесі (жиілікті реттеуіш

сияқты) өзара параллель жұмыс істейтін гидрогенераторлар арасында жеке бағдарламалар бойынша таралады.

Гидроагрегаттарды іске қосу және бос жүріс режимдерінде П-алгоритіміне қосылу жүргізіледі, себебі бос жүріс кезінде гидравликалық турбинаның динамикалық құрамы интеграцияланатын буынның *р*-беріліс функциясы бойынша жазылады, ал реттеудің автоматты жүйесінде екі интеграцияланатын буынның болуы (біріншісі ПИД-алгоритімінің интегралдық құраушысын құрайды) құрылымдық тұрақсыздыққа алып келеді, яғни оның параметрлерінің кез келген мәндерінде қозып кетеді (автокабельдік жағдайға өтеді).

Турбогенераторларда автоматты реттеуді қолдану П- немесе ПД-алгоритімін функциялайды және статикалық реттеуіш болып табылады: реттеудің сипаттамасы – иілген, себебі ТЭС қалыпты жағдайда (МЕСТ бойынша рұқсат етілетін жиіліктің аз мәнінде) реттеуге қатыспайды, жиіліктің мәні номиналдыдан сезімталдылық жоқ аймаққа дейін ауытқу кезінде реттеуіш іске қосылады. Статикалық сипаттама кезінде параллель жұмыс істейтін турбогенераторлардың арасындағы электр станцияның активті жүктемесінің нақты таралуын қаматамасыз етеді.

ЭГП-ПМ автоматты реттегіші екі шет елдік микропроцессоры арқылы орындалған, яғни Ostagon және Fastwel фирмаларының стандартты модульдері арқылы. Олар өзара бірін бірі резервтей алады және «алып жүруші-алып жүреді» қағидасы бойынша функцияланады. Алып жүрішу микропроцессоры автоматты үштік («үшеудің екеуі» режиімінде жұмыс істейтін) арбиторы арқылы анықталады. Бұндай құрылым автоматты реттеуіштің функциялануының қажетті сенімділігін қамтамасыз етеді. Қайта қосудың соққыдан қорғанысын қаматамасыз ету үшін алып жүруші микропроцессор алып жүретінге өзінің ұстамасы және реттеуіштің жағдайы туралы бағдарламаны үздіксіз беріп отырады.

Автоматты реттегіштің аппараттық бөлігі де бар, құрамында жиілікті және активті қуатты өлшеу түрлендіргіштері бар. Жиілікті өлшеуіштік түрлендіру импульстік уақыттың сигналын индукциялық өлшегіштік түрлендіргішті қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады, ол пластинаның, орамасы бар тұрақты магниттің ауасының тесілуінен біліктің бір рет айналған кезінде 2 рет қорғайтын-өндірістік жиіліктің бастапқы және соңғы периодттарында $T_п$, орнына қойылатын гидро- немесе турбогенератордың білігінде орнласқан былайша атағанда «жұлдызша» арқылы қоздырылады. $T_п$ периодына тең уақыт интервалдары құрылады. Уақыт интервалдары жоғары жиіліктің (өндірістікке қатысты) бірлік есептік импульстарымен толтырылады: $T_п$ периодының ұзақтығын көрсететін импульстік санды сигналдар құрылады, ол энергоагрегаттың айналу жиілігіне кері пропорционалды болады. Бағдарланатын логикалық матрицасы гидро- немесе турбогенратордың кернеуінің жиілігі туралы екілік жүйесінде санау сигналы құрылады, ол микропроцессорға түсіп отырады.

Жалпы жағдайда микропроцессор айтылғандай жиілікті реттеудің ПИД-алгоритімін құрады: көрсетілген сигналды реттеуіштің ұстамасымен

салыстырады- номиналды жиілікпен немесе активті қуатпен генератордың жүктемесіне сәйкес орналасқан (турбогенратордың реттеуінің статикалық сипаттамасы өздеріне параллель жоғары немесе төмен орын ауыстырылады, яғни турбогенератордың берілген активті қуатын жоғарлатқанда немесе төмендеткенде), яғни тұрақты айналу жиілігінің $\Delta\omega(nT)$ ауытқуын анықтайды. Жиіліктің ауытқуын сандық дифференциялдайды- алгоритімнің құраушысын дифференциялдауын құрайды. Гидрогенератордың айналу жиілігін астатикалық реттеу үшін қажетті интегральдық құраушыларды қамтамасыз ету үшін жиіліктің ауытқуын сандық интеграциялайды.

Көрсетілген сигналдардың қосындысы ЦАПқа келіп түседі, шығыстық сигналы өздігінен тұрақты токты болып келеді, ол сигналдардың қосындысының екілік кодына пропорционалды болады. Қуатты шығыстық күшейткішпен оны күшейткеннен соң ток сезгіштік әсер сияқты электрогидравликалық түрлендіргішке түседі (5.4-сурет).

Синхронды генератордың активті қуатының өлшеуіштік түрленуі сериялық аналогты өлшеуіштік түрлендіргіш арқылы іске асырылады. Оның үздіксіз сигналы өзгеретін абсолюттік мән және тұрақты токтың белгісі аналогты-сандық түрлендіргіш арқылы екілік сандық кодқа айналады, ол микропроцессорға түсіп отырады.

Өлшеуіштік түрлендіргіштің сандық сигналы бағдарлама арқылы синхронды генератор қуатына берілетін сигналмен салыстырылады- оның жүктемесінің нақты және қажетті әр түрлілігі қалыптасады, яғни қуаттың ауытқуы $\Delta P(nT)$. $\Delta P(nT)$ туралы ақпараттың сигналы сандық түрде интеграцияланады және ЦАП пропорционалды тұрақты токка түрленгеннен соң және күшейткіш электргидравликалық түрлендіргішке әсер етеді- жиілік пен активті қуат бойынша реттеуіштің қосындысының әсері. Осылайша тез әрекеттілік өндіріледі, бірақ қуаттың статикалық реттелуі.

$\Delta P(nT)$ сандық интеграциядан кейін сандық сигнал жиілік бойынша берілетін (орнықталатын) элементке әсер етеді, ол турбогенератордың статикалық реттеуішінің берілген жиілігін жоғарлатады немесе төмендетеді, яғни $\omega_у=\omega_{пр}> \omega_{ном}$ – активті қуаттың астатикалық реттелуін қамтамасыз етеді.Активті қуаттың реттелуі толығымен ПИ-алгоритімі бойынша жүзеге асырылады.

ЭГР-МП гидрогенераторының жүктелген жұмыс кезіндегі қалыпты режимі кезінде активті қуат пен жиілікті автоматты реттеуден бөлек басқа да функцияларды орындайды, негізгілері: гидроагрегаттың тоқтауы мен іске қосылуын қамтамасыз етеді және автоматты жүктемені немесе жылу турбинасының жылу кернеуленген бақылау бойынша оның металлының жүксіздендіруін қамтамасыз етеді. Генераторды синхронизацияға дайындау кезінде ω_{sy} жиіліктің әр түрлілігін автоматты синхрондау арқылы берілетін мәнге орнықтырады. Сонымен қоса «жинау» кезінде синхронды генератор арқылы жүктеуде гидро- және жылу турбиналарды газға қарсы қорғау жүзеге асырылады.

ЭГР-ПМ басқару тақтасының құрамында гидравликалық орындаушы қондырғылы микропроцессорлы автоматты басқару құрылғысы да бар.

Гидравликалық турбинаның айналу жиілігінің микропроцессорлы автоматты реттегіші. Біртұтас мемлекеттік ВЭИ өндірісі мен ААҚ «Инженерлік орталық ЕЭС- «Фирма «ОРГЭС»» филиалында Чебоксарлы ГЭС-тің гидротурбинасының айналу жиілігінің микропроцессорлы автоматты реттегіші құрастырылған, оның құрамына гидрогенератордың кешендік басқарудың микропроцессорлы жүйесі кіреді-МПРЧ типті реттегіші. Ленинградттық металл және «Электросила» зауыттарымен өндірістік біріккен ООО «Күштік машиналарға» электрогидравликалық реттегіштің айналу жиілігінің микропроцессорлы электрлік бөлігі бар гидротурбиналар түсіп отырады.

Автоматты реттегіштер, турбинаны іске қосу немесе бос жүріс кезінде пропорционалды әсер ететін алгоритімді кайта қосуы бар, ПИД-алгоритімі бойынша функцияланады, ол көрсетілгендей гидроагрегаттың айналуының автоматты жүйесін басқарудың тұрақтылығын функциялау үшін қажетті.

Алгоритм параллель қосылған бағдарламалық элементтің айналу жиілігін $\omega(nT)$ белгіленген жиілікпен $\omega_у(nT)$ салыстыратын сумматормен құрылады (5.3,а-сурет), сумматор *SM1* есептеу режимінде болады, санды дифференциатор *ZD* және сандық интегратор *ZJ1*. Сигналдардың қосындыларынан кейінгі белгіленген $\Delta\omega_у(nT)$ айналу жиіліктен ауытқуы туралы ақпарат, оның туындысы $\omega^{|}(nT)$, интегралда $\sum\Delta\omega(nT)$ және $I_{рег}$ ток ретінде сигналды сандық аналогтыдан аналогты-дискреттіге түрлендіру кезінде реттегіш ЭГП электрогидравликалық түрлендіргішке әсер етеді, ол реттегіштің электрлік бөлігін гидравликаның орындаушы бөлігімен байланыстырады- ГИУ гидравликалық қондырғысымен. Оның гидравликалық ГИУ қозғалтқышы қатаң кері теріс байланыс арқылы гидравликалық күшейткішке айналады, ол реттеудің тұйықталған автоматикалық жүйесінің функциялануының құрылымдық тұрақсыздығын жою үшін қажетті болып табылады: гидравликалық қозғалтқыш және турбина бос жүріс кезінде интеграцияланатын буын беріліс функциясымен сипатталады.

Гидрогенератордың активті қуаты мен айналу жиілігінің микропроцессорлы автоматикалық реттегішінің функционалды схемасы өлшегішті-түрлендіргіш аппаратты-бағдарламалы ИПЧ (5.3-сурет), микропроцессорлы есептеуіш ВЧ және аппаратты орындаушы ИЧ бөліктерден тұрады. Екі каналды өлшегішті-түрлендіргіш бөлігі стандартты: ИПЧВ айналу жиілігін аппаратты өлшегішті түрлендіргіштен және ИПАМ активті қуатты немесе гидротурбинаның бағытталған аппаратын ашатын датчиктен және жиілікті ЗЭЧ мен қуатты ЗЭМ беретін элементтерді интеграциялайтын бағдарламадан тұрады- реттегіштің $\omega_у$, $P_у$ ұстама элементтерінің өзгерісі микроэлектр қозғалтқышымен аппараттың орындалуымен болады. Олардың аналогты сигналдары әдетте, аналогты МПЛ мультиплексорлы АЦП аналогты-сандық түрлендіргіші арқылы, сандыққа түрленеді.

Микропроцессорлы есептеуіш бөлігі жалпы жағдайда айналу жиілігінің реттеуін ПИД-алгоритімімен және активті қуаттың реттелуін ПИ-алгоритімімен параллель әсер ететін бағдарламалық салыстыру элементтерімен құрады- ол нақты $\omega(nT)$ айналу жиілігін және $P(nT)$ қуатын берілген тұрақтылармен $\omega_у$, $P_у$

SM1 және SM2 сумматорлары есептеу режимінде болады. Олар пропорционалды құрауыш сигналын құрады, ZD сандық диффиренциалдағыш және ZJ1 мен ZJ2 интеграторлар – автоматты реттегіштің сигналдарын дифференциалды және интегралды алгоритмдерін құрады. ZJ1 интеграторы функциялауды ПД-алгоритімінде айналу жиілігінің реттегішін ауыстыру үшін қатаң кері теріс байланыстың (К контакт) қосылуынмен қамтылады.

SM5 сумматоры нәтижелеуші сандық сигналын құрады, ал сандық аналогты түрлендіргіш ЦАП- оның шығысындағы, күшейтуден кейін (күшейткіш схемада көрсетілген) ГИУ гидравликалық құрылғының орындаушы бқлігінің ЭГП электрогидравликалық түрлендіргішіне әсер ететін, басқарушы $I_{рег}$ ток түрінде әсер ететін аналогты-дискреттіні құрады.

Автоматты реттегіште жиіліктің екі аппаратты өлшегіштік түрлендіргіштері қарастырылған. Оның біріншісі- сандық импульстік, «жұлдызша» түріндегі индукциялық түрлендіргіштен импульстік сигналдарды қолданады, ол гидроагрегаттың білігінде және статорда орналасқан орамасы бар тұрақты магнитте қондырылған, онда жұлдызшаның тісшелерімен тұрақты магниттің ауа тесілуін жабу уақытының мезетінде импульстік ЭҚК индукцияланады.

Егер тісшелердің саны гидрогенератордың роторының екі қосындыларының санына тең болса, онда импульстер өндірістік жиілікпен қарастырылады. Гидрогенератордың айналу жиілігі туралы ақпараттың сандық импульстік сигналы жоғарғы жиілікті (өндірістікке қатысты) біріккен есептік импульс сияқты құрылады, ол уақыт интервалы бойынша орналастырылады, интервал гидрогенератордың кернеуі жиіліктің бір периодына тең.

Жиілікті екінші өлшуіштік реттегіш тахогенератордың гидроагрегатының білігіндегі, айналу жиілігіне пропорционалды, ЭҚК амплитудасының өлшегіштік түзеткіш түрлендіргіш болып табылады.

МПРЧ типті активті қуатты және айналу жиілігін микропроцессорлы автоматты реттегішінің алгоритімін құрудың құрылымждық схемасы z-операторлық түрде:

$$U_{\text{рег}}(\bar{z}) = \left(k_\omega + k'_\omega \frac{1-z^{-1}}{T} + k_{\omega\text{и}} \frac{T}{1-z^{-1}}\right) \Delta\omega(\bar{z}) + \left(k_p + k_{p\text{и}} \frac{T}{1-z^{-1}}\right) \Delta P(\bar{z}), \qquad (87)$$

Реттегіштің k_ω және k_p настройка коэффициенттері бар инерциясыз буындардан тұрады, мінсізге жақын дифференциалданатын k_ω' тұрақты уақыт өлшеміндегі коэффициентімен және $k_{\omega и}$ мен $k_{pи}$ кері тұрақты уақытты өлшемді коэффициенттерден де тұрады.

3.2.2 Турбогенераторлардың жиілігі мен қуатын реттеудің микропроцессорлық автоматты жүйесі

Электр станцияларының генераторларының жұмыс режимдерін автоматты басқару, гидродинамикалық және электрлік бөліктері бар, жиілік пен қуатты ретеудің автоматты жүйесі (АСРЧМ) арқылы іске асырылады. АСРЧМ-

нің іс жүзінде дамуы турбогенераторлардың қуаттарын реттеу жүйесінің электрлік бөлігіне микропроцессордың (ЭЧСР-М) қосылуымен қол жеткізілді.

Қуатты қалыпты режимде және жиілікті қиындатылған режимде автоматты реттеу ПИ алгоритіміне сәйкес МКУ басқару контурының асықпай әсер етуі арқылы жүзеге асырылады: реттеу әсері $P_{г.пр}$ жазылған мәнінен ΔР қуаттың ауытқуының интегралдық функциясы арқылы орындалады.

АСРЧМ микропроцессорлық электрлік бөлігі аварияға қарсы, яғни орнықтылықтың бұзылуына (АНПУ) және асинхронды режимін жоюына (АЛАР) қарсы, автоматика (ПА) сигналы бойынша турбогенераторлардың қуаттарын басқару БКУ контуры әсерімен жылдам әсер ету функциясын да орындайды, нақтырақ:

-қуатты қысқа уақытта жылдам әсерде төмендету- БИР турбинасында авариялық режимде динамикалық тұрақтылықты сақтау үшін импульсті жүксіздендіру.

-ұзақ уақытта төмендету-турбогенераторлардың ресинхронизациясы үшін және авариядан кейінгі режимдегі статикалық тұрақтылықты сақтау үшін ОМТ турбинасының қуатын шектеу.

Импульстік жүксіздендірудің жылдам әсер етуі ЭГП арқылы АРЧВ гидравликалық орындаушы бөлігінен тәуелсіз ЭЧСР-М әсер етуі арқылы қол жеткізіледі. ЭГП арқылы турбинаның орын ауыстыруын қамтамасыз ету функциясыда орындалады- өзінің өндірісінің мүмкіндігін тез өзгерту арқылы. Бұл кезде автоматты реттегіштің ПИД алгоритімі іске асырылады: реттеудің әсері қуаттың ауытқуымен және оның туындысымен (өзгеру жылдамдығымен) анықталады.

МКУ арқылы орнықтылықты автоматты реттеу АРЧВ ұстамасының микроқозғалтқыштың өзгеру элементіне ЭЧСР-М-нің уақыт импульстік әсер етуі есебінен қол жеткізіледі, ол бу турбиналарының гидродинамикалық реттегіштің МУТ турбинасымен басқару механизімі деп аталды: бағдарламалық түрде қуатты автоматты реттеудің (АРМ) позициялық функциясы орындалады. Тек осындай АРМ тұрақты жылдамдықты қозғалыстағы орындаушы элементтің интеграциясы кезінде автоматты реттеудің ПИ алгоритімін тұрақты түрде іске асырады, МУТ электр қозғалтқышы осындай болып табылады.

Микропроцессорлық ЭЧСРда тұрақталмаған электрлік емес параметрлердің ауытқуы туралы, нақтарақ, үнемі қысыммен (номиналды) турбинаның жұмысы кезінде $p_{с.п}$ жаңа будың қысымы туралы немесе тайғақ қысыммен жұмыс кезінде реттегіш клапандардың ашылуы Н туралы ақпарат қолданылады. Реттеудің алгоритімдерінің біреуі іске асады:

$$P_{г.у} - P_{г} + k_p(p_y - p_{с.п}) - k_f \Delta\omega = 0, \quad (88)$$

немесе

$$P_{г.у} - P_{г} + max(k_p \Delta p, k_H \Delta H) - k_f \Delta\omega = 0, \quad (89)$$

мұндағы $P_г$,$P_{г.у}$-турбогенератордың шынайы және орнықты активті қуаты;

$p_{с.п}$,$p_у$- жаңа будың шынайы және орнықты қысымы;

ΔH-$H_у$ орнықталған мәннен турбина клапандарының реттеуіштер жағдайларының ауытқулары;

k_f,k_p,k_H-реттегіш баптуының коэффициенттері.

Сандық түрде сигналдар SM1-SM4 сандық сумматорлардың есептеуінің іске асуымен құрылады, екі сигналдың максималдысынан: Δp бу қысымының ауытқуы бойынша немесе ΔH турбинаның клапанының жағдайымен- олардың салыстыруымен анықталады, схемада МАХ сигналының максималды бөлуімен көрсетілген.

Барлық станциядан АСРЧМ ($P_{у.г}$) немесе аврияға қарсы автоматикадан ($P_{гПА}$) түсіп отыратын сигналы арқылы көрсетілетін, энергоблоктың орнықталған қуатының өзгеру жылдамдығы (темп) турбина металының термиялық кернеуінен тәуелді ОТЗ тапсырма темпін шектеудің бағдарламалық модулімен қойылады. Генератордың қуаты $P_г$, айналу жиілігі ω және сезімталдылығы жоқ аймақта олардың ауытқуы $\Delta\omega_{нч}$ туралы ақпараттар ИПАМ активті қуатты, ИПЧ жиілікті өлшегіштік түрлендіргішпен және SM2 сумматорымен құрылады.

Энергоблоктың технологиялық қондырғы жұмысында қолаңсыз жағдай немесе технологиялық шектеулер пайда болғанда ЭЧСР-М иілгіштік функционалды құрылымы қайта қойылады. Мысалы, жаңа будың қысымы төмендеген жағдайда MIN минималды сигналды бөлгіш арқылы $P_{у.мин}$ сигналы бойынша қысымды қорғаныстық реттеу контуры іске қосылады, ал бугенераторының автоматты реттегішінің ауытқуы кезінде АРПГ құрылғысы жаңа будың қысымын реттеу режиміне өтеді.

МУТ электр қозғалтқышына асықпай әсер ететін МКУ басқару контуры бойынша ВИП уақыт импульстік түрлендіргіш арқылы ЭЧСР-М уақыт импульстік әсер етуі функционалдық схемада шартты түрде көрсетілген. $\Delta P_г$ және $\Delta\omega$ бойынша сигналдардың қосындысы SM5 сумматоры арқылы АРПГ-га да әсер етеді.

Автоматты басқарудың жылдам әсер ету контуры БКУ алдында көрсетілгендей ЭГП арқылы іске асырылады.

4 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қарастыру

Электр қауіпсіздігі бұл – қазіргі кездегі электр қондырғыларындағы және электр желісіндегі апатты жағдайларда адамның организміне электр тогының әсерін талдау және зерттеу арқылы, электр тогы туғызатын қауіпті жағдайларың пайда болуын жою үшін электр қондырғылары мен тораптардың сенімділігін жоғарлатуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, медициналық және әкімшілік шараларының жинтығы.

3 ереже болады:

1) ПТБ – ҚТЕ;

2) ПУЭ – ЭҚҚЕ;

3) ПТЭ – ТҚЖЕ.

Электр қондырғыларының түріне, номиналдық кернеуіне бейтарап режимдеріне қолданылу ортасына байланысты оларға қорғаныстық шаралардың қолданылуы қажет. Электр қондырғыларында келесідей техникалық қорғаныс шаралары іске асырылады:

-аз кернеуді қолдану;

-тораптарды бөлу;

-жоғарғы кернеуден, төменгі кернеудегі көшудегі туындайтын қауіптіліктен қорғаныс;

-оқшауламаны бақылау және сынау;

-жерге тұйықталу тоғының сыйымдылықтық тоқ құраушысын компенсациялау;

-тоқ өткізгіш бөліктерге кездейсоқ жанасудан қорғау;

-қорғаныстық жерге қосу;

-нөлдеу және нөлге қосу;

-қорғаныстық ажырату;

-электр тоғынан қорғаныс құралдарының қолданылуы. ПУЭ, ПТЭ және ПТБ бойынша реттеледі.

Біздің жағдайда үш қорғаныстық шараны қарастырып отырмыз. Олар: қорғаныстық жерге қосу, еңбек қорғау бөлімінде көрсетілген, нөлдеу және нөлге қосу мен қорғаныстық ажыратуды біз төменде келтіріп кетеміз.

4.1 Қорғанысты ажырату қондырғыларының (УЗО) түрлері

Техникалық орындау үшін УЗО-ның бірнеше түрлері бар. Төменде УЗО-ның топталуы келтірілген:

1) бағыты бойынша:

- асқын токтардан енгізілген қорғанысы жоқ УЗО;
- асқын токтардан енгізілген қорғанысы бар УЗО.

2) басқару әдісі бойынша:

- кернеуге функциялық тәуелді емес УЗО;
- кернеуге функциялық тәуелді УЗО.

Кернеуге феукнциялық тәуелді УЗО өз кезегінде мыналарға бөлінеді:

-кернеу жоғалған кезде уақыт ұстанымымен немесе онсыз күштік түйіспелерді автоматты түрде ажырататын қондырғылар. Кернеуді қалыпқа келтіру кезінде бұл қондырғылардың бір модельдері өзініің басты мақсатының түйіспелерін қайта тұйықтайды, қалғандары өшкен күйі қалады.

-Кернеу жоғалған кезде түйіспелерді ажыратпайтын қондырғыларға. Осы топтың қондырғыларының орындалуының екі нұсқасы бар. Бірінші нұсқада кернеу жоғалған кезде қондырғы өз түйіспелерін ажыратпайды, бірақ дифференциал ток туындаған кезде күштік тізбекті ажырату мүмкіндігін сақтайды. Екінші нұсқада кернеу жоқ болған кезде қондырғылар дифференциал ток туындаған кезде өшіруді жүргізе алмайды.

3) орнату әдісі бойынша:

- қозғалмайтын электр жетек кезінде стационарлы орнату үшін қолданылатын УЗО;

- қозғалмалы орнату және шнурлы жалғау үшін қолданылатын УЗО.

4) пульстер және токты жолдан саны бойынша:

- екі қорғалға полюстері бар екі полюстілер;

- төрт қорғалған полюстері бар төрт полюстілер.

5) өшіретін дифференциал токты реттеу шарты бойынша:

- номинал өшіретін токтын бір мәнімен УЗО;

- өшіретін токтың бірнеше тіркелген мәндерімен УЗО.

6) тұрақты токтың құраушысы болған жағдайда функциялау шарты бойынша:

- айнымалы дифференциал токқа әрекет етуші, баяу өсетін АС типті УЗО;

- синусойдалы айнымалы дифференциал токқа және пульстеуші тұрақты дифференциал токқа әрек ететуші А типті УЗО.

7) уақыт бойынша кешігудің болуымен:

- уақыт ұстанымы жоқ УЗО - жалпы қолдану типі;

- уақыт ұстанымы бар УЗО - S типті.

8)сыртқы әсерлерден қорғау шарты бойынша:

- өзін пайдалану үшін қорғанысты қабықшаны талап етпейтін, қорғанысты орындалған УЗО;

- пайдалану кезінде қорғанысты қабықша қажет болатын, қорғалмаған УЗО.

9) монтаждау әдісі бойынша:

- беткі монтаж УЗО;

- батырылған монтаж УЗО;

- панельді қалқанды монтаж УЗО.

10) лезде тармақталу шарты бойынша:

- В типті;

- С типті;

- D типті.

УЗО-ның жұмыс істеу принципі 3.1-суретте көрсетілген. УЗО құрылысын қарастыру кезінде қондырғыларды техникалық жүзеге асыру шарты бойынша екі типке бөлінеді:

Қоректендіру кернеуіне тәуелді емес УЗО. Қорғанысты функцияларды орынду үшін қажет энергия көзі ретінде дифференциал токқа әрекет ететін сигналдың өзі болады.



4.1 сурет - УЗО ның жұмыс істеу принципі.

Қоректің кернеуіне функциялық тәуелді УЗО. Олардың өшіру операциясын орындауға арналған механизмдері не бақыланатын желіден, не сыртқы көзден алынатын энергияны қажет етеді.

Қоректенудің кернеуіне функциялық тәуелді қондырғыларды қолдану олардың салыстырмалы арзандығына қарамастан, сенімділігі төмен болғандықтан, сыртқы факторлардың электронды схемаларының үлкен зақымдалуынан және т.б айтарлықтай шектелген.

4.2 Нөлдеуді есептеу

Жарылысқа қауіпті зоналарда, электр транспорттарында, кемелерде, су астында және осындай тағы басқа жерлерде жерлендіру мен нөлдеу болмайды. Электр қондырғыларының, ток өткізгіш бөліктердің оқшауламалары бұзылған кезде қондырғының ток жүрмейтін металл бөліктері кернеу астында болады. Осы сәтте сол бөлікке адам жанасса адам электр тогының әсеріне ұшырайды. Жерлендіру мен нөлдеу осындай жағдайда адамды электр тогынан қорғау мақсатында орындалады.

Жермен байланысы жоқ торапта қысқа тұйықталу болған кезінде (мысалы, электр қозғалтқыштың оңашалау орамы зақымдалған кезде),

тораптың потенциалы жерге қатысты фазалық шамаға жетеді, ал қос тұйықталу кезінде – желінің сызықтық кернеуінің шамасына жетеді. Егер дәл сол жағдайларда торап жерлендірілген болса, онда оның потенциалы жерлендіргіштің потенциалына дейін төмендейді, соған байланысты жанасу кернеуі қауіпсіз шамаға дейін төмендеуі мүмкін.

Одан басқа, жерлендіру бар болған кезде, кедергілі қорапты ұстаған адам жер мен торап арасындағы тізбекке параллель қосылады. Егер бұл жағдайда жерлендіру ағып таралу тогының кедергісі адам денесінің кедергісінен кіші болса, онда жерлендіру тогының негізгі бөлігі жер арқылы өтеді, ал дене арқылы өтетін ток шамасы аз болады және зақымдану бұл кезде болмайды.

Сонымен, қорғайтын жерлендіргіш қысқа тұйықталу кезінде адам, қорғалатын құрылғының қорабын ұстаған кезде, адамның денесі арқылы өміріне немесе денсаулығына қауіпті болатын ток шамасының өтуін болдырмайтындай, жер мен қорғалатын құрылғының қорабы арасында, жеткілікті аз кедергімен электрлік байланысты құру үшін қажет.

Қорғаныстық жерлендіру деп электр қондырғылардың қалыпты жұмысы кезінде кернеу астында болмайтын, бірақ оқшауламаның бұзылуы нәтижесінде кернеу астында болатын бөліктерін жермен байланыстыру.

Нөлдеу деп электр қондырғылардың ток жүрмейтін металл бөліктерін нөлдік сыммен қосу.

Электр қондырғылардың қорғаныстық жерлендіруі мен нөлдеуі айнымалы токтың кернеуі 380В – тан, тұрақты токтың кернеуі 440В – тан жоғары болған кезде міндетті түрде болуы керек. Қорғау жерлендіргіші электр қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарасы ретінде кернеуі 1000 В-қа дейінгі үшфазалық үш өткізгіштік желілермен, оқшауланған бейтараппен және кернеуі 1000 В-тан жоғары кез келген желілермен бірігіп қолданылады, бірақ соңғы жағдайда потенциалдардың түзетілуі міндетті түрде болуы керек.

Кернеуі 1000 В-қа дейінгі жерлендірілген бейтарабы бар желілерде жерлендіру жеке қорғау шарасы ретінде электр қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Бірақ ол нөлдеумен бірге қолданылады және қауіпсіздіктің шарттарын жақсартады.

Өшіру қабілеттілігін есептеу: Электр қондырғысының корпусына тұйықталған фаза автоматты түрде ажыратылады, егерде қысқа тұйықталу тогының мәні мына шартты қанағаттандырса:

$$I_K \geq kI_{НОМ}, \qquad (4.1)$$

мұндағы $I_{НОМ}$ - сақтандырғыштың немесе автоматтың іске қосылу номинал тогы, а;

k-токтың еселік коэффиценті.

k-коэффицентінің мәні сақтандырғыштың типіне байланысты таңдалады. Біздің жағдайда автомат таңдалғандықтан k- нің мәнін 1,25-1,4 деп аламыз.



4.2 сурет - Нөлдеудің принципиалды сұлбасы.

4.2 Жоғарғы вольтті қабылдағыштар үшін қауіпсіздік шараларын құру

4.2.1 Оқшауламаны бақылау

Жерден оқшауланған электрлік желінің жұмысы, энергиямен қамтамасыз етудің жоғары сенімділікті қажет ететін және электрмен жарақаттану шарты бойынша аса қауіпті болып табылатын, барлық электр қондырғыларында қолданылады

Оқшауламаны бақылау жерден оқшауланған электр желілері үшін міндетті болып табылады, себебі оқшауланған нейтральда жұмыс істейтін қондырғылардан энергиямен қамдаудың аса жоғары сенімділігі талап етіледі және де электрмен жарақаттану шарты бойынша олар жоғары қауіптілер қатарына жатады. Сондықтан мұндай қондырғыларға оқшауламаның бақылауын жүргізу маңызды мәселе болып санадады.

Бұл қондырғыларға мынандай энергиямен қамтамасыз ету жүйелері жатады:

1) ауруханалар, әскери кемелер;

2) темір жол байланыстары және өнеркәсіптер;

3) тау-кен, мұнай және газ өнімдерін қазбалаумен, химия өндірісімен айналысатын бірлестіктер;

4) жарылысқа қауіпті, және де зерттеу-лабараториялық өндірістер.

Жерден оқшауланған электр қондырғыларында және электр желілерінде, қауіпсіздік және сенімділік шарттары оқшауламаны бақылау жағдайымен, сапасымен, кедергісімен және сыйымдылығымен анықталады. Оқшауламаны бақылаудың қажетті деңгейдегі кедергісін қамтамасыз ету үшін, электр желісінде немесе қандай да бір электрлік қондырғыға ережеге сай, оқшауламаны бақылау қондырғыларымен іске асырылатын, тұрақты автоматты оқшауламаны бақылауды енгізу болжанады.

IT-желілерінде электр қауіпсіздік шарттары жерге қатысты оқшауламаның жоғары кедергісінің көмегімен жүзеге асады, бірақ та аса жоғары дәрежедегі қауіпсіздікке жеткен шартта оқшауламаны бақылау қондырғысының қолданылуы ақталады.

Іске қосылып тұрған тұтынушылар немесе кернеу астындағы желілірдегі оқшауламаның кедергісін өлшеу, оқшауламаны бақылау қондырғысының негізгі міндеті болып саналады.

4.2.2 Жоғарғы вольтты электрлік қондырғыларды жерлендіру

Электр машиналарының, аспаптарының және басқа да құрылғылардың металл қаңқаларының электрлік сымдар арқылы жермен байланысуы жерлендіру деп аталады. Жердің электрлік потенциалы нөлге тең деп алынатындықтан, жерлендіру жүйесіне қосылған барлық металл құрылғылар авария немесе электр қондырғысының дұрыс істемеуі кезінде кернеу астында қалған жағдайда да нөлдік потенциалға ие болады.

Жоғары кернеулі қондырғыларды қолданған кезде жерлендіру ерекше маңыздылыққа ие болады. Қондырғы қуатына және түріне байланысты жерлендіру қондырғыларына қойылатын талаптар әр түрлі. Жылжымалы және жиналмалы аппараттарды жерлендіру үшін жер асты желісіне, сумен толтырылған су жүретін металл трубалардың байланысы қолданылуы мүмкін. Жерлендіру үшін орталық жылу трубаларын қолдану рұқсат етілмейді. Жылжымайтын жоғарғы вольтті электрлік қондырғыларды қолданған жағдайда, жерлендіруге ұшырайтын барлық сымдар, жердің астына грунт деңгейінде немесе тамырлардың қату деңгейінде көмілген электродтардың коррозиясына берік, үлкен көлемді аумақтағы металлмен байланысқан жерлендірудің арнайы сымына жалғанады. Жерлендіру сенімділігін жүйелі түрде тексеріп тұру қажет.

Оқшауланған бейтарабы бар желіде нөлдеу зақымданған қондырғының өшуін жерлестірілген бейтарабы бар желідегідей сенімді өшіруді қамтамасыз етеді (4.3 а-сурет).

Жерлестірілген бейтарабы бар желіде осындай зақымдану кезінде қауіпсіз жағдай болады (4.3 б-сурет).



а)



б)

а) оқшауланған бейтарапты желі; б) жерлестірілген бейтарапты желі.

4.3 сурет - Үш фазалық төрт сымдық желідегі фазаның жерге тұйықталуы

Бұл жағдайда $U_ф$ - фазаның жерге тұйықталу кедергілеріне және бейтарапты жерлестіруге пропорционал бөлінеді, нәтижесінде:

$$\varphi_0 = -I_З r_0 = -U_Ф \frac{r_0}{r_0 + r_{ЗМ}} \quad В.$$

Сәйкесінше, 1000В дейін үш фазалы төрт сымды желіде бейтарапты жерлестірудің бағыты – нөлдік сымның кернеуінің мәнін жерге қатысты қауіпсіз мәнге дейін төмендету.

Нөлдік сымды қайта жерлестіру қорғанысты нөлдеудің өшіруші қасиетіне әсер етпейді және оны пайдаланбауға да болады.

Бірақ нөлдік сымды қайта жерлестіру болмаған жағдайда, фазаның корпусқа тұйықталуы кезінде нөлденген қондырғыға жанасатын адамдар үшін

қауіп туады. Сонымен қатар нөлдік сым үзілген жағдайда, бұл қауіп күрт өседі, себебі жанасу кернеуі желінің фазалық кернеуіне жетуі мүмкін.

Оқшауланған бейтарапты электрлік қондырғыларда жерлендіру құрылғыларын есептеу, бұл:

- грунттың есептік кедергісін анықтау ($\rho_г$);
- жерлендіру құрылғысының кедергісін ($R_з$)және жерге тұйықталудың есептік тогын ($I_з$,) анықтау;
- электродты таңдау және олардың кедергісін есептеу;
- вертикал электродтар санын анықтап оларды жоспарда орналастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы дипломдық жұмыста кернеуі 220 кВ қосалқы станцияның тұтынушыларын қоректендіруші электр торабын жобаладым. Бұл жұмыстың бірінші бөлімінде мен 5 қосалқы станцияларының берілген мәндері бойынша электрлік есебін жүргіздім. Осы қосалқы станциялардағы электр беріліс желісінің номинал кернеуін таңдадым. Қауттарына байланысты АТДЦТН-125000/220 трансформаторларын таңдадым.

Осы дипломдық жұмысты даярлау үрдісінде мен кернеуі 220 кВ электр беріліс желісін жобаладым. Ең алдымен Стилла формуласы бойынша желінің кернеуін анықтадым. Жобалау кезінде қосалқы станция трансформаторларының типін және қуатын таңдадым және олардың қуат шығындарын есептедім. Сымдардың параметрлерін таңдау алдында сымның қимасын таңдадым, ол участоктың токтарына байланысты алынады, яғни АС-240/32 алюминий болат маркалы сымды таңдадым.

Сонымен қатар желінің кернеу шығындарын, желінің технико-экономикалық тиімділігін есептедім. Тиімдісі бірінші нұсқа болды. Және де ең маңызды нәрсе, ол желінің максималды жүктеме мен минималды жүктеме кезіндегі қуатты есептеу, содан кейін қосалқы станцияның минималды режимін есептеу болды. Апаттық режимді есептеу кезінде мен бір участокты қиып алдым, содан кейін оның жүктемелерін қалған участоктарға қоса отырып оның есептік қуатын және кернеу шығындарын есептедім. Сонымен қоса қысқа тұйықталу токтарын анықтадым, трансформатордың дифференциалдық қорғанысын есептедім. Ең соңында мен сымдардың механикалық есептеулерін жүргіздім. Және өлшкуіш ток пен кернеу трансформаторларын таңдадым. Ал арнайы бөлімде жиілік пен қуат асқындауын кешендік реттеуді, яғни реттегіштердің тиімділіктерін қарастырдым, және кернеуі 220кВ электр торабын есептеу және фазалық ығысуды баяу реттеу жүйелерін қолдануны қарастырдым.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Блок В.М. Электрические системы и сети. М.: «Высшая школа», 1986-294 с.

2 Басс Э.И., Дорогунцев В.Г. Релейная защита электроэнергетических систем. Учебное пособие / Под ред. А.Ф. Дьякова. – 2-е изд., стереот. – Изд

3 Веников В.А. Электромеханические переходные процессы в электрических системах.-М.: Высшая шк.,1985-536б.

4 Глазунов А.А., Электрические сети и системы, Госэнергоиздат,1980 - 246 б.

5 Идельчик В.Н. Электрические системы и сети. М: Энергоатомиздат, 1989-251 б.

6 Евдокунин Г.А. Электрические системы и сети. Учебное пособие для студентов электроэнергетических спец. вузов. - СПб: Издательство Сизова М.П. 2001 -360 б.

7 Мельников Н. А., Солдаткина Л.А., Регулирование напряжения в электрических сетях.: –изд-во Энергия, 1982 - 353 б.

8 Овчаренков Н.И. Автоматика электрических станций и электроэнергетических систем. Москва. – Издательство НЦ ЭНАС, 2000 – 503б.

9 Окуловская Г.Я., Павлова М.В., Паниковская Т.Б., Смирнов В.А., Устойчивость электрических систем. Учебное пособие. Екатеринбург.-УГТУ,2001 - 60б.

10 Правила устройства электроустановок, изд-во «Энергия», 2005- 201 б.

11 Учебное пособие под ред. Г.И. Денисенко Электрические системы и сети. М.: Высшая школа, 1986-283 б.

12 Ульянов С.А. Электрмагнитные переходные процессы в электрических системах.-М.: Энергия, 1968-456 б.

13 Электрические системы и сети в примерах и иллюстрациях. Учебное пособие для электроэнергетических специальностей. /Под ред. В.Л. Строева, -М.: Высшая школа, 1999-198 б.

14 Микропроцессорная автоматика и релейная защита электроэнергетических систем. –М: издательский дом МЭИ, 2010-336б.